

Жаңалық релизi

2025 жылғы 4 қыркүйек Алматы уақытымен (0700 UTC) 12:00-ге дейін жариялауға эмбарго

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Қазақстанның қызмет көрсету секторындағы өсім баяулады

**Іскери белсенділік пен жаңа бизнес өсуде,
бірақ ұстамды қарқында**

Жұмыспен қамту аз ғана артты

**Бизнестегі көңіл-күй үш айдағы ең жоғары
деңгейге көтерілді**

Freedom Holding Corp. PMI® соңғы деректері тамызда қызмет көрсету секторындағы өндіріс әрі қарай өскенін көрсетті.

Алайда өсім қарқыны жыл ортасында байқалған рекордтық деңгейден кейін қайта баяулады. Қазақстандағы қызмет көрсету компаниялары қабылдаған жаңа тапсырыстар көлемі сенімді өсім көрсетті. Дегенмен, мұнда да өсім қарқыны біршама бәсеңдеді. Белсенділік пен жаңа тапсырыс саны баяулауына қарамастан, қызмет көрсету секторы тарихи қалыптасқан жағдаймен салыстырғанда оң нәтиже көрсетті.

Бір қуантарлығы, тамызда Қазақстандағы қызмет көрсету компаниялары алдағы 12 ай бойғы белсенді қызметке қатысты сенімін күшейткен. Маусымда бәсеңдеген позитивті күй көтеріліп, үш ай ішіндегі ең жоғары көрсеткішке жетті, дегенмен ұзақ мерзімді орташа мәнмен салыстырғанда әлі де төмен.

Басты көрсеткіш — іскери белсенділік индексі. Ол бизнестегі белсенділік ауқымы өткен аймен салыстырғанда өзгерді ме деген бір ғана сұраққа берілген жауап негізінде есептеледі. Индекс мәні 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары өсімді, 50-ден төмен қысқаруды білдіреді. Индекс маусымдық өзгерістерге қарай түзетіліп отырады.

Freedom Holding Corp. PMI іскери белсенділік индексі шілде айындағы 54,0-ден тамызда 52,0-ге дейін төмендеді. Бұл қызмет көрсету секторындағы өсімнің бар екенін, бірақ сәуірден бергі ең баяу қарқында екенін көрсетті. Соңғы сегіз зерттеу кезеңінің әрқайсысында өсім байқалды.


Іскери белсенділік артқан кезде қызмет көрсетушілер мұны негізгі сұраныстың артуы, жаңа жобалардың іске қосылуы мен клиенттердің көбеюімен байланыстырады.

Бұл себептерді тамызда жаңа тапсырыстар санының артқанын хабарлаған компаниялар да атап өтті. Қазақстандағы қызмет көрсетушілер қызмет сапасын арттыру сату көлемін ұлғайтуға ықпал еткенін жеткізді. Жаңа бизнес көлеміндегі соңғы өсім тұрақты болды және өсім кезеңін он айға дейін ұзартты. Дегенмен, өсім қарқыны соңғы төрт айдағы ең төменгі деңгейге дейін бәсеңдеді.

Қазақстанның қызмет көрсету секторындағы белсенділік пен жаңа тапсырыс санының азаюы салдарынан компаниялардың тамызда қызметкерлер жалдаудағы көрсеткіштері мардымсыз болды. Негізгі деректерге сәйкес, респонденттердің басым көпшілігі, шамамен 97%-ы бір айда жұмыспен қамту деңгейін

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Деректер 2025 жылдың 12-26 тамызы.

Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Пікір

Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілесі) Қаржылық талдау департаментінің директоры:

"Тамыз айында Қазақстанның қызмет көрсету секторында бір ай бұрын басталған өсім қарқынының баяулауы жалғасты. Шығындар инфляциясының күшеюі сұранысты қолдауды қиындатуда. Соған қарамастан, ағымдағы іскерлік белсенділік пен келесі 12 айға арналған күтулер оптимизм аймағында сақталуда. Қазіргі кезеңде экономиканы қолдап тұрған негізгі күш қызмет көрсету секторы болып отыр, ал өнеркәсіп одан әрі пессимизм аймағына тереңдей түсті. Сектордың алдағы даму перспективасы қызмет көрсету нарығының икемділігіне және макроэкономикалық әрі конъюнктуралық сын-қатерлер жағдайындағы саларалық ықпалдың күшіне байланысты болады."

өзгеріссіз сақтап қалған.

Бағаға келсек, Қазақстанның қызмет көрсету саласында инфляция қысымы соңғы зерттеу кезеңінде тарихи тұрғыдан төмен деңгейде қалды. Соған қарамастан, шығын ауыртпалығы шілдемен салыстырғанда әлдеқайда жылдам өсті. Сауалнама мәліметтеріне сәйкес, еңбек күші мен материалдың қымбаттауы қызмет көрсету шығындарының артуына әкеліп соқты.

Сонымен қатар Қазақстандағы қызмет көрсетушілер белгілеген өнім бағалары біршама өсті, бірақ бұл наурыздан бергі ең әлсіз өсім болды. Кейбір компаниялар шығындарын клиент қалтасынан ішінара өтеп алуды жөн көрсе, басқалары бәсекеде басымдыққа ие болу үшін бағаны шектеп қана көтеруді немесе тіпті жеңілдіктер ұсынуды жөн көрді.

Алдағы күндерге келсек, тамызда бизнес оптимизмі үш ай ішіндегі ең жоғары деңгейге көтерілді. Респонденттердің шамамен 39%-ы келесі 12 айда іскери белсенділік өседі деп күтсе, тек 11%-ы ғана пессимистік көзқараста. Сұраныс жақсарады деп үміттеуне, сондай-ақ бизнесті кеңейту жоспарлары мен жаңа қызмет түрлерін енгізу сенімнің күшеюіне ықпал еткен негізгі факторлар болды.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША АРАЛАС PMI

Қазақ жекеменшік секторы өндіріс қарқынын жоғалтты

Тамыз айында Қазақстанның Аралас PMI Өндіріс индексі* 50,3 мәнімен, шілдедегі 52,5 көрсеткішінен төмендеп, өндірістің сәл ғана өскенін көрсетті. Өсім қарқыны бойынша соңғы он айдағы үздіксіз кеңею кезеңіндегі ең әлсізі болды. Жалпы өсім негізінен қызмет көрсету секторы есебінен қалыптасты, ал өңдеуші өнеркәсіп саласы қатарынан үш ай бойы құлдырап келеді.


Зерттеу кезеңінде жаңа тапсырыс саны аздап артты, алайда бұл өсім қарқыны ақпан айынан бергі ең төмен деңгейге дейін баяулады.

Маусымдық түзету енгізілген Жұмыспен қамту индексі ай бойынша өзгеріссіз қалды және кадр санын қысқарту аз болса жүргізілген. Соңғы бес зерттеу кезеңінің төртеуінде жұмыс орындарының қысқаруы тіркелді.

Баға қысымы шілдедегі деңгейге қарайлас болды және тарихи тұрғыдан төмен қалыптасты. Дегенмен шығындар елеулі қарқынмен өсті, бұл өткен айға қарағанда айтарлықтай деңгейде болды. Инфляция ақпаннан бергі ең жедел қарқында болды. Сонымен қатар қазақ жекеменшік секторындағы компаниялар өз қызметтерінің бағасын соңғы үш айдағы ең баяу қарқынмен аздап көтерді.


Тамызда бизнестегі оптимизм төмендеді. Тиісті индекс ұзақ мерзімді орташа деңгейден төмен сырғыды.

■ PMI Ресурс бағасы ■ Баға белгілеу бойынша PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp, S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

■ Қазақстан бойынша аралас PMI Жалпы ішкі өнім (GDP) ■
Өндірістік индекс, маус.түзету, >50 = өткен айға қарағанда өскен % ж/ж



Дереккөз: Freedom Holding Corp, S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp

Марьям Балуч
Экономист
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
maryam.baluch@spglobal.com

Ханна Брук
ЕМҒА елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 7483 439 812
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе press.mi@spglobal.com поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптер негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айналымы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістегі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Аралас Өндірістік Индекс- Өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдаспаса деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілері») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.